

Ырғыз ауданы бойынша азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерлерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 15 қарашадағы № 196 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 18 қарашада № 6462 болып тіркелді.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы әкімдігінің 30.06.2021 № 150 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексінің 18 және 139-баптарына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50 бабына сәйкес, Ырғыз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ырғыз ауданы бойынша азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерлерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы әкімдігінің 30.06.2021 № 150 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

2. Ырғыз ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 23 мамырдағы № 96 "Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерлерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4959 тіркелген, 2016 жылдың 22 маусымында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Ырғыз аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Ырғыз ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Ырғыз ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ырғыз ауданының әкімі
Ырғыз аудандық
мәслихатының хатшысы
" ____ " _____ 2019 жыл

А. Шахин

К. Қосаяқов

Ырғыз ауданы әкімдігінің
2019 жылғы "15" қарашадағы
№ 196 қаулысына қосымша

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы бойынша азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерлерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы әкімдігінің 29.05.2024 № 76 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Лауазымдардың атауы
Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандардың лауазымдары	
1	ММ және МҚК біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ маманы: қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер
Мәдениет саласындағы мамандарының лауазымдары	
2	Аудандық маңызы бар ММ және МҚК басшысы (директоры)
3	Ауылдық маңызы бар ММ және МҚК басшысы (директоры)
4	Аудандық маңызы бар ММ және МҚК көркемдік жетекшісі
5	Аудандық маңызы бар ММ және МҚК сектор басшысы
6	Аудандық маңызы бар ММ және МҚК кітапхана меңгерушісі (басшысы)
7	ММ және МҚК біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санаттағы мамандар: барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер), ұжым (үйірме) басшысы
8	ММ және МҚК біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ мамандар: аккомпаниатор, библиограф, кітапханашы, барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер), мәдени ұйымдастырушы (негізгі

	қызметтер), ұжым (үйірме) басшысы, режиссер, хореограф, музыкалық әрлеуші, барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметкер)
9	ММ және МҚК біліктілігі орташа деңгейдегі екінші санаттағы мамандар: библиограф, кітапханашы, барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер), ұжым (үйірме) басшысы
10	ММ және МҚК біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ мамандар: кітапханашы, мәдени ұйымдастырушы (негізгі қызметтер), барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметкер)

Ескертпе: Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ММ – мемлекеттік мекеме

МҚК – мемлекеттік қазыналық кәсіпорын

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК